

Оспанова А.А.
**Көдек Байшығанұлының
«Үркін» дастаны**

Қазақ әдебиетінің тарихында шығармашылық ғұмырбаяны кейінгі кезеңде ғана толық зерттеуге тартылып отырған қаламгердің бірі – Көдек Байшығанұлы. Ақын шығармашылығының негізгі арқауы – ел басынан өткен ХХ ғасыр басындағы аумалы-төкпелі ауыр кезең. Қазақ әдебиетінде 1916 жылдың елді дүбілтіп, ен жайлап отырған жерінен ауа көшірген ақ патшаның зілді бұйрығынан кейінгі оқиғалардың тарихи шындығы кең ауқымда көркемдік өріске тартылған. Прозада да, поэзияда да сол бір күндердің ақиқаты баяндалды. Бұл тақырып – қазақ әдебиетінің дамуындағы көкейкесті тақырыптардың бірі болып қалыптасты. Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Асқар Сүлейменов, т.б. сөз зергерлері дүрбелең уақыт аясындағы адам тағдырлары тұрғысында шынайы шеберлік тұнған прозалық шығармаларын жазды. Мақала авторы Көдек Байшығанұлының ақындық шеберлік тәсілдері, оның поэзиясындағы дәстүрлі үлгілер мен дара ақындық машық, тіл шеберлігі, замана ақиқатын саралау, тану өресі тұрғысында пайымдаулар жасайды.

Түйін сөздер: Көдек Байшығанұлы, «Үркін» дастаны, қазақ әдебиетінің тарихы, Қарқара көтерілісі, ақындық шеберлік тәсілдері, тіл шеберлігі, көркемдік шешім, толғау, патша заманындағы ел тағдыры, 1916 жылдың оқиғасы.

Ospanova A.
**Dastan «Bustle» by Kodek
Bayshyganuly**

Bayshyganuly Kodek is one of the literary figures in the history of Kazakh literature, whose creative life has recently been subject to careful study. The main essence of the poet is a vague time spent by people in the early twentieth century. The historical truth of events in 1916, after a sharp order of the white Tsar about the transmigration of people with an amply situated place organising bustle accepts a wide artistic scope in the Kazakh literature. The truth of those days is detailed in prose and poetry. This topic has formed as one of the urgent topics in the development of Kazakh literature. Zhusypbek Aimauytov, Saken Seifullin, Mukhtar Auezov, Sabit Mukanov, Gabit Musrepov, Askar Suleimenov wrote their prosaic works, where the main topic was the human destinies of a troubled time. The author of the article reflects on the methods of poetic skill of Kodek Bayshyganuly, traditional patterns and individual poetic skills, language proficiency in his poetry from the point of view of the horizon of knowledge and the truth analysis of that period.

Key words: Kodek Baishyganuly, the history of the Kazakh literature, Karkara uprising, methods of poetic skill, language skills, artistic solutions, tolgau (song with lyric expressiveness of tunes), the destiny of the country in czarist days, historical event of 1916.

Оспанова А.А.
**Дастан «Суматоха»
Кодека Байшығанұлы**

Одним из деятелей литературы в истории казахской литературы, творческая жизнь которого подвергается тщательному исследованию только в последнее время, является Кодек Байшығанұлы. Главная суть творчества поэта – смутное время, прожитое народом в начале ХХ века. Историческая правда событий 1916 года после приказа белого царя о переселении народа с просторно расположенного места, создавая суматоху, принимает широкий художественный размах в казахской литературе. В прозе и поэзии подробно излагается истина тех дней. Эта тема сформировалась как одна из актуальных тем в развитии казахской литературы. Жусипбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Асқар Сүлейменов и др. написали свои прозаические произведения, где главной темой стала человеческие судьбы в смутное время. Автор статьи размышляет о приемах поэтического мастерства Кодека Байшығанұлы, традиционных образцах и индивидуальных поэтических навыках, языковом мастерстве в его поэзии с точки зрения кругозора познания и анализа истины эпохи.

Ключевые слова: Кодек Байшығанұлы, дастан «Суматоха», история казахской литературы, восстание Каркара, приемы поэтического мастерства, языковое мастерство, художественное решение, воспевание, судьба народа при царе, событие 1916 года.

**КӨДЕК
БАЙШЫҒАНҰЛЫНЫҢ
«ҮРКІН» ДАСТАНЫ**

Көдек Байшығанұлының 1937 жылы жазылған бұл шығармасы дәстүрлі толғау, терме үлгісінде дүние, тіршілік бағыттарын тізбелей келіп басталып, әрі қарай ел ішінде болған нақтылы тарихи жайдың әңгімесіне ойысады.

Патша заманындағы ел тағдырын әңгімелейді. 1916 жылдың оқиғасын орағытып әріден бастайды.

«Оныншы жылдан Ересей,
Өз ішінен кірлеген.
Бұқара жұртым қайтер деп,
Жағдайын ұғып білмеген.
Әр патшаны өзінің,
Бұқарасы оң көрген.
Бірақ та бұл Мекалай
Бұл қазақты нөл көрген.

Ақын Мекалай патшаның да күні бітіп, елге теңдік келді деп жар салып қуана сөйлеп, өткен күннің ауыр бір өкініші – 16-ның әңгімесін баяндайды.

16-да жарлық боп,
Жігіттерді жинауға,
Қырда қазақ елінен.
Соныменен жандарм,
Азу тісін ақситып,
Құтырынды сенделген.
Бұратана атанған,
Көшпенді елге бұл әмір,
Қадалған оқ өнменнен.
Тез тарады суық сөз,
«Солдат жиып бер» деген.
Асау халық үрікті,
Мойнына құрық түспеген.
Бала шошып оянды,
Ұйқыдан есі кірмеген.

Әрі қарай бірде 11 буынды өлеңмен, бірде 7-8 буынды жыр үлгісімен жалғаса баяндалған өлеңде Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» романында әңгімеленетін Қарқара көтерілісінің жайы әңгімеленген. Көдек ақынның шығармашылығын Мұхтар Әуезов жақсы білген, бағалап сөйлеген.

Біздіңше 1916 жылғы Қарқара көтерілісі туралы шығарма жазуында көп деректі Көдек Байшығанұлынан алып пайдалануы да әбден мүмкін.

Жылында он алтының бұйрық келді,
Құлаққа бұдан бұрын естілмеген.
Маусымда тұйыққа Албан тірелгендей,
Абыржып таңы атып, кеш кірмеген.
Өнер, білім, кәсіпсіз қайран халық,
Ел еді нәрестедей ес кірмеген.
Патшаға қарағалы ел-жұртының,
Қолы бар байлауында шештірмеген.

Әскер үшін бала жинап бересің деген елдің бала орнына мал бермек болғаны, ұлықтың оны тыңдамай елді тізімдегені, елдің Ұзақ батырға арқа сүйегені айтылады. Ұзақ ел атынан ұлыққа айтар сөзін айтады.

Ұлыққа Ұзақ сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
Қазақ соғыс көрген жоқ,
Бермеймін солдат мен – деді.
Қарусыз жасты жауға айдап,
Ұлықбысың сен – деді.
Берсең – бала өледі,
Бермесең – шал өледі.
Бала өлгенше – шал өлсін,
Осылай шешті ел – деді.
Бермеді десең, өзін біл,
Құрбанға шалды шал – деді.

Ұлық бұған Көкбай, оязға айт деп Қарақол жібереді. Көдек ақын Ұзақ пен Жәмеңке бас болып Қарақол барғаны, онда да ел қамы басты назарда болғаны баяндалады.

Сұрағына ұлықтың,
Ұзақ батыр көнбеді.
Қазақ соғыс көрген жоқ,
Бастапқы сөзім сол – деді.
Сойыс малдан жәрдем ал,
Ел шешімі жөн – деді.

Мал баққан қазақтың айдауда жүрмесін көзі көрді дейді. Ақыры бірін қоймай қыруға бұйрық берілгені баяндалады. Ел жақсысын қамап, қойдай қырғаны, шарасыз халықтың мұң-зары, дәл өмірде болған сұмдық ақын жанын бітіреді.

Қолда қару, қайрат жоқ,
Батырларды басынды.
Аласапыран айқай шу...
Алла деді, аһ ұрды...
«Райымбек баба, қолда!» деп,
Атын атап шақырды.
Әруағы жар болып,
Темір есік ашылды.

Оқ тигеннің барлығы,
Қаны судай шашылды.

Орыс алдап-сулап әкеліп, айласын асырды деп, әрі қарай жаралы Ұзақ батырды жасырын әрекет жасаған ел адамдарының аты аталады. Бір дүнгеннің үйіне апарып, жарасын емдетпек болғандары, Ұзақтың арыздасып айтқан әңгімесі баяндалып жалғасқан дастан ел басына түскен ауыртпалық, бұлт үйірілген қаралы күндердің ақиқатын жан сыздатар шынайылықпен суреттеп, баяндайды. Ұзақтың ақылымен иесіз қалған елмен кеңесуге Тұрлықожа мен Әубәкір қошта-сып жүріп кетеді.

Қашып кеткендерін түрме бастықтары біліп қалып, тағы дүбілу, дүрбелең шығады.

Ал, мәлімет алыңдар,
Дүнгенде жатқан Ұзақтан.
Кешкі сағат сегізде,
Қас қарайып күн батқан.
Бәрін түгел қырдық деп,
Хабар келді солдаттан.
Бастық санап өлікті,
«Тексергін» – деп тіл қатқан.
Бір нәрсені сезгендей
ниеті жаман ант атқан.
Тұрлықожа, Ұзақтың
Өлігін іздеп жан-жақтан.
«Сүйегі қайда, әкел» – деп,
Түрмені түгел ақтартқан.
Таппаған соң үшеуін,
Қайтадан бұйрық тарқатқан.

Жоқ адамды іздеп, тауып бергенге сыйлық бар деп жар салғанда, дүнген опасыз болып шығып, пұлға арбалып қалады.

Ұстап берді Ұзақты,
Дәмелі боп олжадан.
Қайтып мұсылман дерсің.
Бұта құрлы болмаған.
Тегі, түбі белгісіз,
Не күтесің енді одан.

Батыр қолға түседі. Ұзақтың қоштасқан сөзі айтылады.

«Жеткіншегім аман бол,
Тілегім осы Алладан.
Халықта жастар бар болсын,
Елін-жұртын қорғаған.
Құрбандықпын сендерге,
Бұйыртқаны сол маған.
Деп жүріндер қашан да,
Арманда өткен ерлер бар.
Қош-кош елім аман бол,
Арманда кеткен ерлер бар.
Жоқтаусыз кетпес жерлер бар».

Он алтының ауыр зардабын көзімен көрген Көдек ақын бар жайды сүйек сырқыратар ауыр шындығымен өлең еткен. Жұрттың жәрмеңкені талағаны, от қойып өртегені, Қытай кетіп құтыламыз десіп қауқылдасқаны. Арғы жақты да, бергі беттің де жағдайын көзбен көрген ақын Көдек бұл тұстағы ахуалға қатысты былай деп баяндап өтеді.

Ел іші ырың, шулы еді,
Ішкені ірің, у ме еді.
Ессіздер сезбей ештеңе,
Естінің болды білгені.
Басында бүтін үйі жоқ,
Ел көтерді іргені.
Қытай ауып кетем деп,
Ыржандасып күлгені.
Баласын қорып әр үйде,
Көш-көшпенен гүледі.
Мұртынан күліп қалмақтар,
Тұрғанын тосып білмеді.

Жұртты тоқтатып Тұрлықожа ақыл айтады. Қытайға ел болмайсың, қашпа Албан, қалмақтан дүре жегенше, өз жерінде өл дейді. Қазақ қор болды, амалы таусылып, орыспен соғыспақ болды деп баяндайды ақын бұл кездегі шарасыз ел күйін.

Қашып кеткен ел Қытайда да оңбайды. Қалмақ, сібе тонап, әбден қажыған екен.

Шөлдеп қаңсып барған жұрт,
Баспанасыз шер кеуде.
Киер киім, тамақ жоқ,
Еңсесі түсті бір демде.
Сөйледі деп сөкпе жұрт,
Талқан, ұнға қыз берді.
Он алтының соңында,
Өстіп тұрмыс өзгерді.
Беу, дүние, осындай,
Босқындықты көз көрді» [1, 232].

Сәбит Мұқанов «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегінде Мұхтар Әуезовтің «Қилы заманына» арнайы тоқталады. Повестің жазылу, жарық көру мерзімі хабарланып, әрі қарай мазмұны баяндалған.

«Бұрынғы Жетісу облысы Жаркент уезіне қарайтын Алатаудың бір саласындағы Албан дейтін елдің жайлауда отырған кезінде, 1916 жылы қазақтан майданға қара жұмысқа жігіт алу туралы патша үкіметінің жарлығы шығады. Осы кезде Албан елінің жайлауының қақ ортасынан ашылған Жетісудағы атакты «Қарқара» жәрмеңкесі жүріп жатады.

Жарлық ең алдымен жәрмеңкеде тұрған приставка келеді. Бұрын қазақты сүліктей сорып, параға сүйеніп қалған пристав (ақ желке) өзімен жемтікес Плотников деген уряднигін шақырып алып, келген жарлықты оқиды да, екеуі оңай олжа табылды деп іштерінен қуанып, жарлықты естіртпек үшін ертеңіне болыстарды жинамақ болады.

Болыстардың бәрі жәрмеңкеден табылады. Ертеңіне жиылыс болып пристав жарлықты естіртеді. Болыстардың ішінде, Рахымбай дейтін приставтың тілектесі бір қу болыс бұл жарлыққа ішінен қуанады да, өзгелері төбесіне жай түскендей тұнжырап, қабақтарын қарс жауып үндемейді. Жалғыз-ақ Әубәкір дейтін болыс «біз жарлықты жариялаймыз, бірақ ел бұған көнбейді» десе, пристав сен бүйдеп отырғанда ел не демейді. Сөзді қой да, жігіт жина! деп тұжырып тастайды» [2, 335].

Мұхтар Әуезов ел жақсыларының мал беріп, адамымызды алып қаламыз деген ұйғарымын айтады. Бұл факт Көдектің «Үркін» дастанында да айтылған.

Әдебиеттер

- 1 Байшығанұлы К. Қайтейін, жалған дүние... өлеңдер, толғау, дастандар, жоқтау-дауыстар / Құраст. Нұрлан Әбдібеков. – Алматы: Тоғанай Т., 2008. – 336 б.
- 2 Мұқанов С. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: – Алматы: Атамұра, 2008. – 384 б.

References

- 1 Bayshi'ghanuli' K. Qayteyin, jalghan du'ni'e... o'lengder, tolghaw, dastandar, joqtaw-dawi'star / Qurast. Nurlan A'bdibekov. – Almati': Toghanay T., 2008. – 336 b.
- 2 Muqanov S. NN ghasi'r basi'ndaghi' qazaq a'debi'eti: – Almati': Atamura, 2008. – 384 b.